

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 20 сәуірдегі N 319 және 2008 жылғы 2 ақпандағы N 88 қаулыларына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 наурыздағы N 286 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) "Мемлекет басшысының 2005 - 2007 жылдардағы Қазақстан халқына жыл сайынғы жолдауларын іске асыру жөніндегі негізгі бағыттардың (іс-шаралардың) жалпыұлттық жоспарын және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 - 2009 жылдарға арналған бағдарламасын орындау жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 20 сәуірдегі N 319 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2007 ж., N 12, 140-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Мемлекет басшысының 2005 - 2007 жылдардағы Қазақстан халқына жыл сайынғы жолдауларын іске асыру жөніндегі негізгі бағыттардың (іс-шаралардың) жалпыұлттық жоспарын және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 - 2009 жылдарға арналған бағдарламасын орындау жөніндегі іс-шаралар жоспарында:

реттік нөмірі 131-жолдың 3-бағанында "2008 жылғы ақпан" деген сөздер "2008 жылғы наурыз" деген сөздермен ауыстырылсын;

реттік нөмірі 132-жолдың 3-бағанында "2008 жылғы ақпан" деген сөздер "2008 жылғы маусым" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) "Қазақстан Республикасы Үкіметінің заң жобалау жұмыстарының 2008 жылға арналған жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 2 ақпандағы N 88 қаулысында :

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің заң жобалау жұмыстарының 2008 жылға арналған жоспарында:

реттік нөмірі 1-жолдың 6-бағанында "Ақпан" деген сөз "Маусым" деген сөзбен ауыстырылсын;

реттік нөмірі 2-жолдың 6-бағанында "Ақпан" деген сөз "Наурыз" деген сөзбен ауыстырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК